

XFTAP
05.11.27

Меруерт Тулебаева¹, Нұрай Әділхан^{2*}

*¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Саясаттану кафедрасының доценті, с.ғ.к., ғылыми жетекші
Астана, Қазақстан
e-mail: tulebayeva_mk@enu.kz
<https://orcid.org/0000-0001-8449-333X>*

^{2}Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Саясаттану кафедрасының 2 курс магистранты
Астана, Қазақстан
e-mail: nurayadilkhan@mail.ru
<https://orcid.org/0009-0007-0890-7941>*

ҚР ІШКІ КӨШІ-ҚОН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Ішкі көші-қон мәселесі Қазақстандағы аймақаралық теңсіздік, урбанизация және әлеуметтік-экономикалық даму мәселесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Халықтың ел ішінде қандай бағытта және не себепті қозғалып жатқанын және қай өңірлер тұрғындарды көбірек тартып жатқандығы жайында зерделеу-өзекті мәселе. Қазақстанда ішкі көші-қон негізінен ауылдық жерлерден қалаларға бағытталады: Алматы, Астана және Шымкент сияқты ірі мегаполистер тіпті тартылыс орталықтарына айналған. Зерттеу барысында халықтың көшуіне ықпал ететін негізгі факторлар ретінде экономикалық мүмкіндіктерге қол жеткізу, жоғары білім алу, өмір сапасын арттыру және балаларға жақсы болашақ қамтамасыз ету қажеттіліктері анықталды. Сонымен қатар, ішкі миграцияның аймақтық құрылымға әсері мен оның әлеуметтік салдары басты назарға алынды. Бұл қорытындылар мемлекеттік саясатты тиімді жоспарлау және өңірлік даму стратегияларын жетілдіру үшін маңызды екендігі белгілі.

Түйін сөздер: көші-қон, мақсатты топ, урбанизация, тартылыс күштер, бағыт, демографиялық өзгеріс, талдау.

Меруерт Тулебаева, Нұрай Адилхан

ОСОБЕННОСТИ ВНУТРЕННЕЙ МИГРАЦИИ В РК

Аннотация. Внутренняя миграция позволяет глубже понять проблемы межрегионального неравенства, урбанизации и социально-эконо-

мического развития в Казахстане. В этом контексте актуальным становится анализ направлений внутреннего передвижения населения и тех самых регионов, которые оказываются наиболее привлекательными и удобными для всех мигрантов. Внутренняя миграция в стране в основном направлена из сельской местности в города, особенно в такие крупные мегаполисы, как например Алматы, Астана и Шымкент. В данной аннотации рассматриваются причины и направления внутренних миграционных потоков. В ходе исследования установлено, что основными и важными факторами переселения являются стремление к экономическим возможностям, получения высшего образования, повышение качества жизни в целом, обеспечение будущего для детей. Кроме этого, внимание уделено влиянию внутренней миграции на региональную структуру и ее социальным последствиям. Полученные выводы могут быть полезны при разработке государственной политики и совершенствовании стратегий регионального развития.

Ключевые слова: миграция, целевая группа, урбанизация, силы притяжения, направления, демографические изменения, анализирование.

Meruert Tulebayeva, Nuray Adilkhan

PECULIARITIES OF INTERNAL MIGRATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract. Internal migration provides deeper insight into the issues of interregional inequality, urbanization, and socio-economic development in Kazakhstan. In this context, analyzing the directions of internal population movement and identifying regions that attract the most migrants becomes highly relevant. Internal migration in the country is predominantly directed from rural areas to cities at all, especially to major urban centers such as Almaty, Astana and Shymkent. This annotation examines the reasons and routes of internal migration flows. The study revealed that the main drivers of migration include the pursuit of economic opportunities, access to higher education, improved living conditions and the desire to ensure a better future for children. Additionally, the impact of internal migration on regional structure and its social consequences is considered. The findings can be useful for shaping public policy and enhancing regional development strategies.

Keywords: migration, pull factors, direction, target group, urbanization, demographic changes, analysis.

КІРІСПЕ

Адамдардың тұрғылықты орнын ұзақ немесе қысқа уақыт мерзіміне ауыстыру мақсатымен шекара арқылы бір территориядан екінші бір территорияға қоныс аудару процесі халықтың көші қоны (лат. migration-орын ауыстыру) деп анықтама береміз. Ғалымдар көші-қон қозғалысы анықтамасында қоныстанудың сипатын беретін халықтың барлық территориялық қоныс аударуының жиынтығын қарастырып келеді. Демографтардың айтуынша, қоғамдық құбылыс ретінде бұл түсініктің үш негізгі параметрлері бар. Біріншісі, индивидтің өзінің тұратын координатын ауыстыруы, яғни көп жағдайда мобильділік факторының көрсеткіші. Екінші бір түрі, индивидтің өзінің материалдың әлеуметтік жағдайын жақсартуға ұмтылысы. Бұны біз тұтынушылық фактор деп атаймыз. Ал үшіншіден, жаңа жерде индивидтің орнығуы процесі және ол жерді өзінің «екінші Отаны» деп санай бастауы. Бұл «тұрақтылық» факторыне жатады екен. Бұл мақаланың мақсаты – ел ішінде халықтың қоныс аударуына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және экологиялық факторларды талдау. Сонымен қатар, ішкі көші-қонның аймақтық дамуға тигізетін ықпалына баға беру.

Ішкі көші-қонды зерттеу елдегі процестер мен құрылымдық өзгерістерді, жалпы кеңістікті түсінуге және түсіндіруге мүмкіндік береді. Ол әдетте дәстүрлі түрде урбанизация контекстінде қарастырылады: қалалардағы құрылымдық өзгерістер оларды ауылдық өңірлерден келген мигранттар үшін тартымды орындарға айналдырады. Алайда, мемлекеттік басқару, көптеген қаржылық қызметтер, сауда және өнеркәсіп секторларының бір қалада, көбіне ел астанасында шоғырлануы «қалалық үстемдік» әсерінің пайда болуына алып келеді.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

Зерттеу барысында бірнеше кешенді әдіс қолданылды. Ең алдымен, ресми статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, көші-қонның сандық көрсеткіштері талданды. Бұл әдістің көмегімен халықтың бір аймақтан келесі бір аймаққа көші қарқынын, негізгі бағыттары мен көлемі анықталды. Сонымен қатар, аймақтар арасындағы демографиялық өзгерістер салыстырмалы түрде зерттеліп, көші-қон үдерісіне әсер ететін негізгі факторлар жұмыссыздық, әлеуметтік инфрақұрылым, білім беру және денсаулық сақтау қызметінің қолжетімділігі сияқты көрсеткіштер есепке алынды. Зерттеу барысында ерекше назар теорияларға негізделу әдісіне аударылды. Атап айтқанда, Э.Рейвенштейннің көші-қон заңдылықтары, «итеру және кері тарту» (push and pull) теориясы, сондай-ақ урбанизация мен аймақтық дамуға байланысты қазіргі әлеуметтік-эко-

номикалық теорияларды негізге алды. Бұл теориялар көші-қон үдерісін тек сандық жағынан ғана емес, терең әлеуметтік және экономикалық байланыстар тұрғысынан түсіндіруге мүмкіндік береді.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Ғылыми ортада халық көші-қоны ұғымына қатысты көптеген анықтамалар бар. Т.И.Заславская халық миграциясын тұрғын үй орнын ауыстыру процесі ретінде сипаттайды, яғни бір елді мекеннен екінші біріне көшу. Бұл анықтамада жұмыстың орналасқан жері, не болмаса факторы ескерілмейді. Г.С.Вечкановтың анықтамасында бұл ерекшелік толық ескерілген. Ол миграцияны тұрғын үй орнын және еңбек орнын ерікті түрде ауыстыру ретінде қарастырады, бұл жеке, ұжымдық және қоғамдық мүдделермен үйлеседі. Дегенмен, бұл анықтама бізге толық емес деп көрінеді, себебі онда миграциямен байланысты адамдардың этикалық және мәдени құндылықтарының өзгеруі ескерілмеген. Жоғарыда аталған факторларды А.С.Ахиезер өз жұмыстарында баяндаған. Оның анықтамасына сәйкес, халық миграциясы-бұл өмір салтының немесе ісәрекет түрінің маңызды өзгерістерін білдіретін, тұрғын үй мен еңбек орнын уақытша немесе тұрақты ауыстырумен, сонымен қатар күшпен қоныс аударумен байланысты халықтың құндылықтарын сипаттайтын әрекеттер жиынтығы (Садовская 2023).

Ғылыми әдебиеттерде көші-қон тұрғысынан бір жердің тартымдылығын бағалуға қатысты екі түрлі тәсілді атай аламыз. Олар болжамға негізделген (assumption-based) және мәлімдемелерге негізделген (statement-based) тәсілдер (Карачурина, Мкртчян 2023). Бірінші жағдайда, адамдардың белгілі бір аумақтарға қоныс аудару шешіміне әсер ететін объективті себептер жанама түрде, яғни болжам ретінде айқындалады. Аталған макро тәсіл логикалық және қарапайым болып көрінгенмен, оның өз шектеулері бар, сондықтан көші-қон тартымдылығымен байланысты болжамдарды тұжырымдауға өте мұқият қарау қажет. Ал екінші бір жағдайда зерттеуші тұрғындардың өмір сүру орнын таңдаудағы жеке, субъективті артықшылықтарымен жұмыс істейді. Мұндай микро тәсіл агрегатталған мәліметтер деңгейінде талдауды талап етеді.

Сыртқы көші-қоннан айырмашылығы, ішкі көші-қон мемлекеттік шекараны кесіп өтімен байланысты емес, алайда оның аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға әсері айтарлықтай. Қазақстан-халқы сирек орналасан Орталық Азиядағы ең ірі мемлекет, сол себепті қазіргі таңда адам ресурстарын тиімді орналастыру мәселесі аса өзекті болып танылуда.

Қоныс аудару көші-қон деп танылуы үшін мына екі ең негізгі шарт орындалуы қажет:

1. Халық әртүрлі елді мекендер арасынжа орын ауыстыруы қажет
2. Бұл орын ауыстыру тұрақты тұратын жерін ауыстырумен қатар жүруі қажет (Голдин 2024).

Әдетте, көші-қон ағындары азырақ дамыған елдер мен аймақтардан әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсырақ, жалақысы жоғары елдер мен өңірлерге бағытталады (Деловарова 2011). Шамамен алғанда, әлем халқының жыл сайын 2-3%-ы міндетті түрде белгілі бір көші-қон түріне қатысады екен. Көші-қон мәні жағынан халықтың құрылымын өзгеріске ұшырататын аса маңызды факторлардың бірі. Әсіресе, мигранттар қоныс аударған ээне көшіп кеткен аймақтарда бұл тенденция қатты байқалады. Көші-қондық үдерістер кеңістікте әркелкі таралған. Бұл белгілі бір аумақта шоғырланған халықтың жиынтығын назарға алу қажеттілігіне міндеттейді. Үдерістер өз болмысында бірнеше факторларды қамтиды: келу, кету, қоныс аудару (Нурпеисов, Седлов 2025).

Қазақстан Республикасындағы көші-қон үдерістері елдің әлеуметтік-экономикалық ландшафтының қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Жедел урбанизация, аумақтық адмудың теңсіздігі және демографиялық өзгерістер жағдайында ішкі көші-қон еңбек ресурстары мен халықты кеңістікте қайта бөлу тетіктерінің бірі болмақ. Макроэкономикалық көрсеткіштердің тұрақтылығына қарамастан, көші-қон ағындары әлі де ассиметриялы күйінде қалып отыр, бұл аймақтық жоспарлаудың қолданыстағы тәсілдерін жан-жақты талдауды және қайта қарауды қажет етеді. Жалпы алғанда, халық миграциясының процесі келесі кезеңдерден тұрады:

1. Дайындық кезеңі-миграцияның өзі
2. Жаңа өмір сүру жағдайына бейімделу кезеңі

Алғашқы кезеңде халықтың аумақтық мобильдігінің қалыптасу процесі орын алатындығын көре аламыз. Екінші кезеңде-халықтың қоныс аудару процесі, оның барысындағы бейімделу жүзеге асады (Асхат, Айтімбет 2025). Қоныс аударушыларға (мигранттарға) тән үш бейімделу түрі бар:

1. Әлеуметтік-демографиялық ортаға бейімделу
2. Үлкен қалаларға қоныс аударуда қажетті бейімделу
3. Табиғи-климаттық және географиялық жағдайларға бейімделу.

Осылайша, халық қозғалысының түрлерін қарастыра отырып, миграцияның келесу ерекшеліктерін ажыратамыз. Біріншіден, миграция-бұл халықтың аумақтық қозғалысы. Екіншіден, миграциялық процестер халықтың сандық және сапалақы сипаттамаларына әсер етеді.

Посткеңестік кезеңде өңіраралық көші-қон ағындарының қарқындылығының артуын зерттеушілер түрлі факторлармен түсіндіреді. Мысалы, экономикалық, саяси, не болмаса әлеуметтік және т.б. Көші-қон себептері жөніндегі ең кең таралған түсініктердің бірі-экономикалық фактор. Ол дегеніміз жұмыс іздеу, өмір сүрі деңгейін арттыруға ұмтылу. Дегенмен, бұл маңызды болғанымен, жалғыз себеп емес. Көші қон туралы шешім қабылдау кезінде итермелеуші және тартушы факторлар да шешуші рөл ақарады. Алайда, бұл факторлардың көпшілігі де әлеуметтік-экономикалық сипатқа ие (Каримова 2025).

1-кесте. «Ішкі көші-қон бойынша статистикалық бюллетеньдер».

№	Миграция себебі	Түсіндірме	Үлесі
1.	Экономикалық себептер	Жұмыс табу, жоғары жалақы, кәсіпкерлік мүмкіндіктері	45%
2.	Әлеуметтік инфрақұрылым	Білім, денсаулық сақтау, балабақшаға қолжетімділік	25%
3.	Отбасылық жағдайлар	Туыстарымен бірігу, некеге тұру, ажырасу	12%
4.	Тұрғын үй мәселесі	Қолжетімді баспана, жалға алу бағасы	10%
5.	Экологиялық себептер	Ауаның ластануы, су тапшылығы, техногендік қауіптер	5%
6.	Басқа себептер	Зейнеткерлік, оқу, жеке таңдаулар	3%

Дереккөз: <https://stat.gov.kz>

Қазақстандықтарды көшуге итермелейтін себептердің қатарында-тарихи отанына оралу, сондай-ақ білім алу мен одан әрі жұмысқа орналасу қажеттілігі бару Ел ішіндегі көші-қонның басты себептері әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен тығыз байланысты. Сарапшылардың пікірінше, адамдар жақсы өмір сүру жағдайларын іздеп, туған ауылдарын тастап кетуде. Сонда да, соңғы жылдарда ішкі көші-қон ағындары да тұрақталды. Жыл асынан бері ішкі көші-қонға 160 мыңнан астам адам қатысқан. Мегаполистер ішкі мигранттар үшін тартылыс орталығы болып қала беруде. Ішкі көші-қон ағындарының 40%-ы осы қалаларға тиесілі екен (Жампеисов 2022).

Екінші бағыт-бизнес-иммиграция аясында елдің инвестициялық тартымдылығын арттыру бойынша шаралар қабылдау. А5 санатындағы-инвесторлап салық төлеуші ретінде тіркелуге рұқсат алу талабынан босатылды. Жыл басынан бері осындай инвесторлық визалар 76 шетел азаматына берілді. Сондай-ақ, әлеуетті инвесторлар үшін шетелдегі мекемелрге жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) мен ЭЦҚ-ны «бір өтініш» қағидаты бойынша алу рәсімі жеңілдетілді. Сонымен қатар, бизнес-инвесторларға арналған инвестициялық виза шегін төмендету жоспарлануда.

Үшінші бағыт-Қазақстанға білікті шетелдік мамандарды тарту. Ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, сұранысқа ие мамандықтар тізімі аясында нақты жұмыстар басталды.

Төртінші бағыт- этникалық көші-қон. Қазақстанның шетелдегі елшіліктері этникалық қазақтардың өтініштерін 1 шілдеден бастап «бір терезе» қағидаты бойынша қарай бастады. Қандастардықоныстандырудың жаңа алгоритмі төрт түрлі санат бойынша жүзеге асқан болатын. Олар:

1. Жұмыс күші жетіспейтін аймақтардағы жұмыс берушілердің сұранысы бойынша қажетті кәсіп иелерін тарту.

2. Егер қандастардың ата-анасы немесе балалары бұрын келген болса, азаматтық алып, белгілі бір кәсіппен айналысса, олар отбасымен қайта қосылу мақсатында сол өңірге көшіп келе алады.

3. Өңірлер өз аумағында даму әлеуеті бар елді мекендерді анықтап, демографиялық өсімді күшейту мақсатында қандастарды шақыра алады.

4. Үкімет айқындаған өңірлерге қоныстандыру үшін жолдамалар беру.

Бесінші бағыт-шетелде жұмыс істеу барысындағы қазақстандықтардың еңбек құқықтарын қорғау мәселесі. ҚР Сыртқы істер министрлігінің деректеріне сәйкес, бірінші тоқсанның қорытындысында 194 мыңнан астам Қазақстан азаматы қазіргі таңда шетелде еңбек етіп жүр.

Биыл «Серпін», «Ауыл аманаты», «Ауыл – ел бесігі», «Дипломмен ауылға» бағдарламаларын іске асыру нәтижесінде 33 мыңнан астам адам мемлекеттік қолдау шараларын алады (БҰҰ Даму бағдарламасы 2023)

Алтыншы бағыт-босқындармен жұмыс. БҰҰ Босқындар істері жөніндегі Жоғарғы комиссары басқармасының Орталық Азиядағы өңірлік өкілдігімен бірлесіп, олардың әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету, жұмысқа орналастыру, медициналық және әлеуметтік көмек көрсету шаралары пысықталды (Исаев 2015).

Қазақстандағы миграцияның ерекшеліктеріне келер болсақ, соңғы онжылдықтарда көші-қон үдерістері Қазақстан Республикасының демографиялық және әлеуметтік дамуына елеулі ықпал етіп келеді. Бұл құбылыс ел ішіндегі өзгерістермен қатар, сырқы саяси, экономикалық және этномәдени факторлармен тығыз байланысты. Әсіресе 2023 жыл айрықша болды: елімізде оң көші-қон сальдосы тіркелді. Бұл соңғы он жыл ішіндегі алғашқы жағдай. Қазақстанға келгендер саны – 25 399 адам, ал кеткендер саны – 16 055 адам, яғни көші-қон есебінен +9 344 адамға өсім болды. Бұл Қазақстанның көші-қондағы мәртебесінің өз-

геріп келе жатқанын, яғни елдің көшіп келушілер үшін тартымды бағытқа айналып отырғанын көрсетеді .

Қазақстан үшін негізгі сыртқы көші-қон ағыны ТМД елдерімен байланысты. Бұл тарихи-мәдени, тілдік және экономикалық байланыстармен түсіндіріледі. Келушілердің 86,3%-ы және кетушілердің 77,3%-ы дәл осы кеңістіктен. Мұндай көрсеткіштер өңіраралық көші-қон белсенділігінің жоғары екенін білдіреді және мәдени тұрғыдан жақын елдермен көші-қон үдерістері анағұрлым жеңіл өтетінін көрсетеді. Қазақстандағы көші-қон құрылымында этникалық фактор маңызды рөл атқарады. 2023 жылы келгендердің 36,4%-ын қазақтар құрады (2022 жылы- 47,8%). Сонымен қатар, орыс ұлты -33,6%, өзбектер - 3,9%, украиндар -3,2% болды (). Бұл тарихи отанына оралған қазақтардың саны біртіндеп азайып келе жатқанын, яғни репатриация үдерісінің баяулап жатқанын көрсетеді. 2024 жылы елге тұрақты тұру үшін келгендер саны шамамен 29 282 адам, ал елден кеткендер - 12 732 адам, нәтижесінде сыртқы миграция бойынша +16 550 адам позитивті баланс қалыптасқан. Бұл көрсеткіш негізінен урбанизация үдерісіне байланысты. Астана (73 238 адам), Алматы (36 061 адам) және Шымкент (9 361 адам) - көшіп келушілердің басты бағыттары. Бұл – ірі қалаларда экономикалық мүмкіндіктердің, жұмыс орындарының және әлеуметтік игіліктердің шоғырлануы нәтижесі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстандағы ішкі көші-қон- бұл күрделі әрі көпқабатты құбылыс. Ол ел жетістіктері мен қазіргі сын-қатерлерін қатар бейнеуде. Бұл жай ғана халықтың тұрғылықты орнын ауыстыруы емес- бұл азаматтардың ұмытылстарының көрінісі. Кез-келген мемлекеттің тұрақты дамуының бірден бір кепілі-көші-қон саясатын тұрақты басқару. Себебі, адамдарды жәй ғана көшіру жеткіліксіз, ең бастысы-оларды тыңдай білу: олардың тарихын, қажеттіліктерін, армандарын ескеру өте маңызды. Тек сонда ғана әр адам өз арнын таба алған Қазақстанды құруға болады.

Соңғы жылдардағы көші-қон көрсеткіштері Қазақстанның жаңа сапалық кезеңіне аяқ басқанының айқын көрінісі болып келеді. Бұл бұрын болмаған тың құбылыс- бұған дейін қазақстан мигрант «шығаратын» ел қатарында болса, енді мигрант тартатын ел сипатындамыз. Оның үстіне, халық Алматы, Астана, Шымкент сияқты мегаполистерге ғана емес, аймақтық орталықтарға да біршама көше бастады (мысалы, Түркістан немесе Қонаев). Бұл қала агломерацияларының өсуіне алып келуде.

2023-2025 жылдары Қазақстан Республикасында көші-қон саласында бірқатар маңызды өзгерістер орын алып, елдің демографиялық дамуына және еңбек нарығының қайта қалыптасуына әсер ететін

жаңа тенденциялар қалыптасты. Соңғы үш жылда еліміз миграциялық тұрғыдан тұрақты, тіпті оң динамикасы бар мемлекетке айналудамыз. Қазақстанға келетін мигранттардың басым бөлігі ТМД елдерінен келеді. Бұл аймақ мемлекетімен тарихи, тілдік және мәдени жақындықтың болуы миграциялық ағымдардың табиғи қалыптасуына ықпал етеді. Ал ішкі көші-қон көлемі болса едәуір өсіп келуде (Кожаметов, Асанбаев 2010). 2023-2027 жылдарға арналған Миграциялық саясат тұжырымдамасының қабылдануы, сондай-ақ 2025 жылы көші-қон және демографиялық саясаттың жаңа стратегиялық құжатын әзірлеп бастауы-елдің бұл саланы жүйелі түрде дамытуға мүдделі екенін көрсетеді. Мемлекет көші-қон процестерін реттеу, мигранттардың құқықтарын қорғау, еңбек нарығының қажеттіліктерін өтеу, ұлттық қауіпсіздік пен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету бағытында жаңа тетіктер енгізуде. Миграцияның көлемі артқан сайын Қазақстан ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан да бақылауды күшейтті. Мигранттарды тіркеу, көші-қон ағымдарын мониторингтеу, еңбек рұқсаттарын беру жүйесін жетілдіу сияқты шаралар қабылданып жатыр. Ал ТМД елдерімен тығыс байланыс миграциялық процестердің табиғи әрі тұрақты болуына жағдай жасайды, бұл Қазақстанның «аймақтық миграциялық хаб» ретіндегі рөлін күшейтеді.

Ел көші-қон саласында тек кадр ресурстарының көзі ғана емес, тартымды реципиент ретінде де қалыптаса бастады. Бұл- әсіресе білікті мамандар мен этникалық қазақтардың келуімен байқалады. Сонымен қатар, ішкі көші-қонның белсенділігі аймақтар арасындағы даму деңгейіндегі теңсіздікті көрсетеді. Негізгі үрдістер ретінде: ТМД елдерімен ықпалдасу, урбанизация, адами капиталдың өсуі және этникалық репатриация атап өтіледі. Қазақстан үшін өзекті міндет -демографиялық, экономикалық және мәдени аспектілерді ескере отырып, теңгерімді көші-қон саясатын қалыптастыру.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Асхат Г, Айтімбет Л, 2025. Migration trends of Kazakhstan.

БҰҰ Даму бағдарламасы, 2023. Дереккөз: <https://www.undp.org/kazakhstan> (қаралған уақыты: 20.10.25)

Голдин И, 2024. The shortest history of migration, University of Oxford.

Деловарова, 2011. Миграционные процессы в современных международных отношениях и проблемы региональной безопасности в ЦА, Алматы.

Жампеисов, Д, 2022. Халықтың көші-қоны тұрпаттамасының өзекті мәселелері, Астана.

Исаев Қ, 2015. Миграция как способ формирования меняющейся евразийской идентичности: социальное и правовое измерения, Астана.

Каримова З. 2025. 20 ғасыр басынан ортасына дейін Қытайдан Қазақстанға қоныстанған миграциялық қозғалыстар, Алматы.

Карачурина Л, Мкртчян Н, 2023. Дальность миграции населения с учётом демографических характеристик мигрантов, Россия.

Нурпеисов С., Седлов А 2025. Қазіргі әлемдегі көші-қон үрдістері: факторлар мен салдарды талдау, Алматы.

Садовская Е, 2023. 1970–2005 жж. Кезеңіндегі Қазақстандағы көші-қон процестері, Алматы.

https://eec.eaeunion.org/comission/departement/migration/statistical_data.php (қаралған уақыты: 20.10.25)

<https://stat.gov.kz> (қаралған уақыты: 18.10.25)

<https://stat.gov.kz/ru/industries/socialstatistics/demography/publications/158501/> (қаралған уақыты: 27.09.25)

<https://taldau.stat.gov.kz/ru/NewIndex/GetIndex/703870?keyword=> (қаралған уақыты: 20.10.25)

<https://www.gov.kz/memleket/entities/mvdakmola/activities/14766?lan=ru&parentId=53> (қаралған уақыты: 18.10.25)

REFERENCES:

Askhat G, Aitimbet L 2025. Migration Trends of Kazakhstan.

BÚÚ Damu Bagdarlamasy, 2023 [UN Development programme] Derikkoz: <https://www.undp.org/kazakhstan> (accessed: 20.10.25)

Goldin I, 2024. The Shortest History of Migration, University of Oxford.

Delovarova, 2011. Migratsionnye protsessy v sovremennykh mezhdunarodnykh otnosheniiax i problemy regional'noi bezopasnosti v

TsA [Migration processes in modern international relations and the issues of regional security in CA] Almaty.

Zhampeisov D, 2022. Khalyqtyñ köshi-qony turpattamasynyñ özekti mäseleleri [Current issues of population Migration patterns] Astana.

Isaev K, 2015. Migratsiia kak sposob formirovaniia meniaiushcheisia evraziiskoi identichnosti: sotsial'noe i pravovoe izmereniia [Migrations as a means of shapeing the changing Eurasian Identity: Social and Legal dismsions] Astana.

Karachurina L, N.V. Mkrtchian, 2023. Dal'nost' migratsii naseleniia s uchetom demograficheskikh kharakteristik migrantov [Migration distance considering migrants' demographic characteristics] Rossiia

Z. Karimova, 2025. 20 ghasyr basynan ortasyna deiin Qytaidan Qazaqstanğa qonystanğan migratsiialyq qozğalystar [Migration movements from China to Kazakhstan from the Early the Mid-20th century] Almaty.

Nurpeisov S, Sedlov A, 2025. Qazirgi älemdegi köshi-qon ürdisteri: faktorlar men saldardy taldau [Migration trends in the Modern World: Analysis of factors and consequences] Almaty.

Sadovskaia E, 2023. 1970–2005 zhzh. Kezeñindegi Qazaqstandagy köshi-qon protsesteri [Migration processes In Kazakhstan during the period 1970-2005] Almaty.

https://eec.eaeunion.org/comission/department/migration/statistical_data.php (accessed: 20.10.25)

<https://stat.gov.kz> (accessed: 18.10.25)

<https://stat.gov.kz/ru/industries/socialstatistics/demography/publications/158501/> (accessed: 27.09.25)

<https://taldau.stat.gov.kz/ru/NewIndex/GetIndex/703870?keyword=> (accessed: 20.10.25)

<https://www.gov.kz/memleket/entities/mvdakmola/activities/14766?lan=ru&parentId=53> (accessed: 18.10.25)